

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТІРЛІГІ
Ш.ЕСЕНОВ АТЫНДАҒЫ КАСПИЙ МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ
ИНЖИНИРИНГ УНИВЕРСИТЕТІ**

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ИНСТИТУТЫ

ТАРИХ ЖӘНЕ ФИЛОСОФИЯ КАФЕДРАСЫ

БЕКЕНЖАНОВА А.А.

**Теориялық деректану пәні бойынша арналған
оқу-әдістемелік нұсқау.
(050114-Тарих мамандығына арналған)**

Ақтау - 2010 жыл.

ӘӨЖ 93/99 (093)(076)

Құрастырған: аға оқытушы Бекенжанова А.А. Ақтау, КМТЖИУ, 2010, 28 б.
теориялық деректану пәні бойынша арналған оқу-әдістемелік нұсқау

Рецензент: тарих ғылымының кандидаты Едильханова С.А.

Теориялық деректану пәні бойынша арналған оқу- әдістемелік нұсқауды бакалавриат мамандығына оқу жұмыс бағдарламасы және типтік бағдарлама негізінде құрастырылған.

050114-Тарих мамандығы бойынша оқитын студенттерге арналған.

Баспаға Ш.Есенов атындағы Каспий Мемлекеттік Технологиялар және Инжиниринг Университетінің оқу-әдістемелік кеңесінің шешімімен ұсынылды.

© Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ, 2010

Кіріспе.

Теориялық деректану тарихнамамен қатар тарихшыларды теоретикалық методологиялық дайындауда негізгі фундаменталдық пәндердің қатарына жатады. Деректанудың фундаметалдығы тарих ғылымының тарих объектісіндегі – өткен қоғам ретіндегі тарихшыға тікелей берілген емес, ол тарихи деректерді таным арқылы тану арқылы тарих ғылымының субъектісі ретінде қаралады.

Теориялық деректану тарихи зерттеудің практикалығынан туындаған. Алғашқы кезде жазба деректер зерттеліп, деректанудың қолданбалы фактілік жағы ескерілді, ол деректерді тануда нақты тарихи фактілерге жүгінді.

Теориялық деректану қазналарының ұлғаюына, жаңа деректердің ғылыми айналымға түсуіне байланысты, тарихи деректер және сол тарихи деректердің оқиғалары, процестері әр деректе әр қырынан көрсетіледі. Деректің оқиғаларды қалай баяндауына байланысты, эмпирикалық және апробиралық практикалық жолмен алынған деректер жазба деректерді методикалық зерттеу нақты фактілік материалдарды алуда зерттеу объектісіне айналды. Жазба деректер заттай деректерден тармақталып бөліне бастады (археологиялық).

Курстың мақсаты – деректердің тарих ғылымындағы табиғатын зерттеу, белгілі әлеуметтік жағдайдағы оның туындау себептерін, осы жағдайдағы деректердің гносеологиялық табиғатын тарихи танымның зерттеу объектісіне айналдыру.

Курстың мақсатты.

- Деректерді таңдау, сыни анализ жасау және зерттеу жұмыстарын жүргізу.
- Тарихи зерттеуде деректілік-ақпараттың базалық негізін жасау.
- Тарихи зерттеуде терминологиялық аппаратты негіздеу.
- Деректерде анализ жасауда әдістеме жүйесін білу және оны практикада қолдану мүмкіндігі.
- Аймақтық тарихи деректерді зерттеумен танысу. Деректану пәні архивпен және қосалқы тарихи пәнімен тығыз байланысты.

Теориялық деректану пәні бойынша семинар, СӨЖ, СОӨЖ орындауға арналған оқу-әдістемелік нұсқау кредиттік жүйе бойынша тарих мамындығында оқитын студенттерге арналған. Студенттердің өзіндік жұмысы кредиттік оқыту жүйесіндегі оқу процессінің басты бір бөлігі болып саналады.

СОӨЖ-арнайы белгіленген уақытта алдарына қойылған дидактикалық мақсатты орындау үшін оқытушының ұйымдастыруымен жүретін білімді іздеуге, оны ұғыну, бекіту, біліктіліктері мен дағдыларын қалыптастыру және дамыту, алған білімдерді жинақтау және жүйелеуге бағытталған студенттің іс-әрекеті. СОӨЖ кезінде студентке консультация беріледі, бақылау, тексеру жасалады.

СӨЖ-оқытушының тапсырмасымен және әдістемелік басшылығымен, оның тікелей қатысуынсыз орындалатын студенттің жоспарланған жұмысы.

Кредиттік оқыту жүйесі бойынша студенттің өзіндік дайындалуына, дербес іздену жұмыстарын орындауына мүмкіндік береді. Студенттердің өзін-өзі ұйымдастыру, өздігінен білім алу мүмкіндігін дамыту болып табылады. Бірақ студенттердің мектепте алған білімі, білімділік қабілеті бірдей еместігін ұмытпаған жөн. Қабілеттілік адамның ақыл-ой сапаларына, соның ішінде, дербес ойлай алу,

мағыналық есте сақтау, біртектес құбылыстардан қорытынды жасай алу, қысқы мерзімде күткен нәтижеге қол жеткізу дағдыларына байланысты.

Тарихи фактілерді, оқиғаларды иггерудегі қиыншылық оқу материалының мазмұнын игеруде жиі кездеседі. Игеру қиындығы әр түрлі болады: а) ойлау әрекетінің қисынына бейімділік; б) талқылай білушілік; в) сыртқы көрініске ғана мән берушілік.

Сондықтан да материалдық күрделілігі мен игерудің қиындығын ескере отырып өзіндік жұмыстардың жеке дербес түрлерін пайдануға болады. Яғни студенттердің ерекшеліктері мен оқу мүмкіндігіне тәуелді болатын дербес жұмыс.

Студенттің өзіндік жұмысы деп нақты тапсырмамен белгілі бір нысанда іске асып, нәтижесі міндетті түрде тексірілетін әрекетін атаймыз. Өздігінше жұмыс істеу сабақтың тәрбиелік және сапалық мүмкіндігін арттырып, оқытуда студенттің қабілеті мен қызығушылығын арттыруға мүмкіндік береді. Сонымен бірге өзіндік жұмыстар тапсырмалары студенттің өз бетімен кітаппен жұмыс істей білуге, әр түрлі ақпараттарды іздеуге, әдебиетпен жұмыс істеуге үйретеді.

Рефераттар (әр модульға рефераттар тақырыбы берілген). Студент бір тақырыпты таңдап алып, деректер жинап, реферат дайындап, оны қорғауға міндетті. Рефератты қорғау студенттің таңдауына байланысты әр модульдің соңында іске асырылады.

Рефераттың жазылуы және қорғалуы: студент өзі таңдаған тақырыбына байланысты кітапханадан қажетті әдебиет іздестіруді, табылған әдебиетпен жұмыс істеуі, реферат жоспарын құрастыруы және конспект дайындауы қажет.

Келесі кезеңде оқылған әдебиеттерге сілтеме жасай отырып, жазбаша еңбекті өз бетінше жазу.

Рефератты көркемдеудің және қорғаудың шарты: көлемі 8-15 баспа бет, 1,5 интервал арқылы (редактор Word -6,0 немесе, 14 шрифт), сыртқы беті үлгі бойынша. Қорғау ауызша түрде.

Конспектілеу-бұл белгілі бір кітаптағы, мақалалардағы маңызды ой пікірлерді, керекті даталарды, фактілерді, атаулы күндерді, нақыл сөздерді келтіруі сілтеме жасауы арқылы қысқаша баяндама жазып алу.

Терминдермен және ұғымдармен жұмыс, глоссарий (әр модульге терминдер мен ұғымдар бекітілген, студент оларды дәптерге жазып, оқытушыға тексеруіне беріп және ауызша жауап беруге міндетті). Семестр бойынша осындай 2 тапсырма қарастырылады.

Тақырыптарға байланысты студент назарына логикалық тапсырмалар мен жаттығулар ұсынылады. Тапсырмалар жазбаша түрде орындалуы міндетті.

Эссе жазу: эссе – белгілі бір мәселеге немесе тақырыпқа байланысты студенттің өз ойы, көзқарасы бойынша еркін түрдегі ойлары, очерктер пайымдаулар. Эссе тақырыбы әр студентке бөлініп беріледі немесе оқытушының мақылдауымен 2-аптада студент өзі таңдап алады.

Эссе жазуға қойылатын талаптар көлемі 5-7 баспа бет, қажетіне қарай әдебиет тізімі көрсетіледі. Эссені тексергенде тақырыптың толық әрі терең талдануына, пайымдаулардың нақтылығы, жүйелілігі мен реттілігіне ерекше көңіл бөлінеді. Эссе

жазғанда белгілі фактілермен тексті ретсіз ұлғайтып, жекелеген сұрақтарды талғамсыз мазмұндай берудің қажеті шамалы.

Теориялық деректану пәні бойынша дәріс мазмұны мемлекеттік стандарт, бағдарламамен белгіленіп, сәйкес болуы қадағаланса, студенттердің өзіндік жұмысының мазмұнын тандауда біршама еркін бар. Өзіндік жұмыстардың еріктілік сипаты студенттердің қызығушылығы, қабілеті, дербес бейімділігі, танымдық бастамашылығы мен дербестігі бойынша ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Семинар тақырыптарының мазмұны.

	Сабақтың тақырыбы мен мазмұны.	Сағаттар
1.	Семинар 1. Дерек пен дерек туралы ғылым. 1.Деректанудың тарих ғылымындағы жеке пәнге айналуы. 2.Пәндік қатынаста тарихи деректің анықтамасы. 3.Дерек: мәдениет феномені және нақты объективтік таным.	1 с.
2.	Семинар 2. Деректанудың негізгі методологиялық принциптері. 1.Тарихи деректерді классификациялаудағы мәселелер. 2.Деректану ғылымындағы методологиялық әдістер. 3.Деректерді зерттеудегі тарихи принцип.	1 с.
3.	Семинар 3. Зерттеушінің деректермен жұмыс тәртібі. 1.Тарихи деректерді зерттеудегі жалпы методика. 2.Деректерді іздеу және табу (деректану эвристикасы.) 3.Деректанудағы мағлұматтарды зерттеудегі әдістер. 4.Ескі тарихи дерек пен ескерткішті зерттеу жолдары.	1 с.
4.	Семинар 4. Деректану әдістері. 1. Деректанулық талдау методикасы мен принциптері. 2. Деректанулық «сын». 3. Деректің шынайылық деңгейін анықтау немесе «ішкі сын».	1 с.
5	Семинар 5. Мазмұндау формасы. 1.Тарихи деректердің ерекшеліктері. 2.Қазақстан тарихын зерттеудегі орыс жылнамалық тарихының рөлі. 3.Деректердің авторын анықтау мәселесі.	1 с.
6	Семинар 6. Жылнамалар-тарихи деректер және оның зерттелуі. 1.Жылнамалар-тарихи дерек көзі. 2.Жылнаманы зерттеудегі әдістер. 3.Тарихи эвристика, аударма және текстің интерпретациясы.	1 с.
7	Семинар 7. Шежіренің деректік маңызы, орны, ерекшелігі. 1.Шежіренің түрлері, тарихи дерек ретіндегі эволюциясы. 2.Шежіренің пайда болуын сынау, кезеңдері мен қажеттілігі. 3.Шежіренің қазақтардың этногенезисін, түркі халықтарының этногенетикалық байлан-рын зерттеудегі маңызы. 4.Шежіретану проблемалары.	1 с.
8	Семинар 8. Ежелгі дәуір әдебиеті дерек көзі ретінде. 1.Қазақтар туралы ежелгі деректер. 2.Қазақстан тарихы туралы ежелгі түрік деректері. 3.Қытай деректері.	1 с.

	4.Араб деректері. 5.Батыс Еуропа саяхатшыларының жазбалары.	
9	Семинар 9. Орта ғасырлық жазба ескерткіштер. 1.Моңғол деректері Лубсан Данзан «Алтын тобық» жылнамасы. 2.Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу біліг», М.Қашқаридің «Диуани лұғат ат – түрік», «Кодекс Куманикус» ортағасырлық қазақтардың дерегі ретінде. 3.М.Х.Дулатидің «Тарих-и-Рашиди» тарихнамасы, зерттелу кезеңдері, деректік маңызы. 4.Батыс Еуропалық саяхатшылары М.Поло, П.Карпини, В.Рубруктың шығармалары.	1 с.
10	Семинар 10. Батырлар жыры қазақтардың жоңғар шапқыншылығына қарсы күрес тарихының дерегі. 1.Батырлар жырының тарихи дерек ретіндегі маңызы, орны, ерекшеліктері. 2.Батырлар жырын тарихи дерек көзі ретінде зерттеу методикасы. 3.«Абылай хан», «Қабанбай батыр», «Бөгенбай батыр» жырлары. 4.«Наурызбай батыр», «Өтеген батыр» жырлары.	1 с.
11	Семинар 11. Жаңа және қазіргі заман деректері. 1.Тарихи танымдағы статистикалық деректер мен әдістердің ролі. 2.Статистикалық зерттеулерді ұйымдастыру мен оның әдістері. 3.Қазақстандағы статистикалық мекемелер.	1 с.
12	Семинар 12. Мерзімді басылымдар. 1.Мерзімді басылымның классификациялау мәселелері. 2.Жергілікті ұлттық демократиялық басылымдардың қалыптасуы. 3.Республикалық және облыстық газет журналдары. 4.Мерзімді басылымдарды зерттеу ерекшелігі.	1 с.
13	Семинар 13. Саяси бақылау және іздеу органдарының құжаттары мен сот процестерінің материалдары. 1.Қазақтардың ұлт–азаттығы үшін жүргізілген күрес тарихының дерегі. 2.Саяси қуғын–сүргін және сот процестерінің құжаттарының жалпы сипаттамасы. 3.Саяси іздеу және бақылау органдарының материалдары, олардың негізгі түрлері.	1 с.
14	Семинар 14. СОКП құжаттары тарихи дерек ретінде. 1.СОКП құжаттарының тарихи дерек ретінде қалыптасуының ерекшеліктері. 2.СОКП құжаттарының классификациясы. 3.Қоғамдық ұйымдардың құжаттары-тарихи деректер.	1 с.
15	Семинар 15. Қазақстан республикасы тарихының дерек көздері. 1.Заң актілері тәуелсіз Қазақстан тарихының дерегі. 2.Кино, фото және бейнефильмдер және олардың деректік ерекшеліктері мен маңызы. 3.Мерзімді басылымдар және олардағы болған өзгерістер. 4.Жеке адамдық құжаттар: заманхаттар, естеліктер, хаттар.	1 с.
	Барлығы	15 с.

Семинар сабақтарының мазмұны.

Семинар 1. Дерек пен дерек туралы ғылым.

1. Деректанудың тарих ғылымындағы жеке пәнге айналуы.
2. Пәндік қатынаста тарихи деректің анықтамасы.
3. Дерек: мәдениет феномені және нақты объективтік таным.

Оқыту мақсаты: деректанудың ғылым ретіндегі тарихи деректердің пайда болу заңдылықтарын және оларда тарихи процесстердің объективті бейнелену дәрежесін зерттеу.

Әдістемелік нұсқаулар: Қазақстан тарихының негізгі кезеңдерінің деректері, олардың ерекшеліктері, деректанудың ұғымдық-терминологиялық аппараты, теориялық және методикалық, нақты-қолданбалы мәселелеріне байланысты оқытушының қойған сұрақтарына ауызша жауап беру.

Бақылау сұрақтары:

1. Деректанудың ғылым ретінде пайда болуының және қалыптасуының алғы шарттары?
2. Деректанудың қалыптасуының және дамуының негізгі кезеңдері?
3. Деректегі объективтілік және субъективтілік?
4. Дерек пен тарихи нақтылықтың диалектикалық механизмнің ерекшелігі?
5. Деректану және қосалқы тарихи пәндер жүйесі?

Әдебиет:

1. Атабаев Қ.М. Қазақстан тарихының деректанулық негіздері. А., 2002
2. Источниковедение: теория, история, метод. Источники Российской истории: Учебное пособие. М., РГГУ. 1998
3. Атабаев Қ.М., Қадыртаева М.А. Деректанудың теориялық мәселелері. Алматы, 1999
4. Медушевская О.М. Современное зарубежное источниковедение. М., 1983
5. Ключевский В.О. Соч. в девяти томах. Т. VII. Специальные курсы. М., 1989
6. Источниковедение истории СССР // Под ред. Ковальченко И.Д. М., 1981
7. Пушкарев Л.Н. Типологическая классификация русских письменных источников по отечественной истории. М., 1969
8. Татищев В.Н. История Российская. Т. I.-М.-Л., 1982
9. Лихачев Д.С. Текстология. М.-Л., 1962
10. Пронштейн А.П. Методика исторического источниковедения. Ростов-на-Дону. 1976
11. Пушкарев Л.Н. Классификация русских письменных источников по отечественной истории. М., 1975

Семинар 2. Деректанудың негізгі методологиялық принциптері.

1. Тарихи деректерді классификациялаудағы мәселелер.
2. Деректану ғылымындағы методологиялық әдістер.
3. Деректерді зерттеудегі тарихи принцип.

Оқыту мақсаты: Тарихи деректерді сыныптаудың қажеттілігі мен жолдары. Тарихи деректерді типтерге және түрлерге бөлудің негізгі принциптерін ашып көрсету. Жазба деректердің негізгі типтерін талдау, оларды түрлік сыныптау. Тарихи деректердің эволюциясын, даму жолын ашып, талдау. Қазақстан тарихы

деректерінің түрлі өзгерістерге ұшырауының өзіндік ерекшеліктері жөнінде айту. Деректер дамуының тенденцияларын ашу.

Әдістемелік нұсқаулар: Бұл семинарлық сабақтың өтуі: сұрақ-жауап, ең басты тақырып бойынша өткізіледі. Семинарда мұғалім студенттерді бірнеше топқа бөліп негізгі мағлұматтар бар материалдарды таратады. Семинарға дайындық барысында тарихи деректерді классификациялаудағы мәселелер, деректану ғылымындағы методологиялық әдістерге байланысты мәселелер қарастырылады. Студенттер жалпы тақырыптармен танысқан соң өз группаларында пікірталас өткізіп, өздерінің тақырыпқа байланысты жұмыс жасауын көрсетеді.

Бақылау сұрақтары:

1. Жазба деректердің классификациялау түрлері?
2. Деректану ғылымындағы теориялық-методологиялық проблемалар?
3. Деректану ғылымындағы нақты-қолданбалық проблемалар?
4. Деректанудың негізгі методологиялық принциптері?

Әдебиет:

1. Атабаев Қ.М. Қазақстан тарихының деректанулық негіздері. А., 2002
2. Атабаев Қ.М., Қадыртаева М.А. Деректанудың теориялық мәселелері. А., 1999
3. Иванов Г.М., Коршунов А.М., Петров Ю.В. Методологические проблемы исторического познания. М., 1981
4. Историческая наука. Вопросы методологии. М., 1986
5. Источниковедение истории СССР. (Под ред. И.Д. Ковальченко) М., 1973
6. Источниковедение : теория, история, метод. М., РГТУ. 1998

Семинар 3. Зерттеушінің деректермен жұмыс тәртібі.

1. Тарихи деректерді зерттеудегі жалпы методика.
2. Деректерді іздеу және табу (деректану эвристикасы.)
3. Деректанудағы мағлұматтарды зерттеудегі әдістер.
4. Ескі тарихи дерек пен ескерткішті зерттеу жолдары.

Оқыту мақсаты: Деректер мен жұмыс істеудің негізгі үш кезеңі: деректерді іздеу, табу (деректанулық эвристика), деректанулық талдау (сын), деректердегі алынған мәліметтерді нақты зерттеулерге пайдалану, тәсілдерін жасау.

Әдістемелік нұсқаулар: Бұл семинар студенттерді шағын топтарға бөлу арқылы өткізіледі. Студенттер 3 топқа бөлінеді, әр группаға бөлек-бөлек тапсырмалар беріледі. (1 топқа - деректерді іздеу және табу (деректану эвристикасы.); 2 топқа- деректанудағы мағлұматтарды зерттеудегі әдістер; 3 топқа- ескі тарихи дерек пен ескерткішті зерттеу жолдары. Берілген уақыттан кейін әр группаның бір мүшесі өзіне берілген тапсырманы қорғай бастайды. Қорғауға 3-4 мин. беріледі. Сабақ аяғында мұғалім барлығын қорытындылап, жақсы жауаптарды бағалайды.

Бақылау сұрақтары:

1. Тарихи деректерді зерттеудегі жалпы методикалық ерекшеліктер?
2. Деректанудағы зерттеушінің деректермен жұмыс істеу әдістері?
3. Авторлық текст, шығарманың және оның әлеуметтік мәдениеттік қоғамдағы рөлі?
4. Деректанудағы мағлұматтарды зерттеудегі әдістер?

Әдебиет:

- 1.Атабаев Қ.М. Қазақстан тарихының деректанулық негіздері. А., 2002
- 2.Атабаев Қ.М., Қадыртаева М.А. Деректанудың теориялық мәселелері. А., 1999
- 3.Иванов Г.М., Коршунов А.М, Петров Ю.В. Методологические проблемы исторического познания. М., 1981
- 4.Историческая наука. Вопросы методологии. М., 1986
- 5.Источниковедение истории СССР. (Под ред. И.Д. Ковальченко) М., 1973
- 6.Источниковедение: теория, история, метод. М., РГТУ. 1998

Семинар 4. Деректану әдістері.

1. Деректанулық талдау методикасы мен принциптері.
2. Деректанулық «сын».
3. Деректің шынайылық деңгейін анықтау немесе «ішкі сын».

Оқыту мақсаты: В.Н.Татищев деректанулық сын туралы, А.Л.Шлецердің тарихи деректанулық сынды негізгі топтарға бөлуін қарастыру. Тарихи деректерді талдаудың құрамдас үш бөлігі – методология, методика және техника. Объективтік принцип, тарихилық принцип, партиялық принцип – деректану методикасының негізгі принциптерін сипаттау.

Әдістемелік нұсқаулар: Бұл семинарды өткізу процесі екі бөліктен тұрады. Семинардың I бөлігі: студенттерге бір-екі сұрақ қою арқылы, сұрақ-жауап түрінде өтеді. Үшінші сұраққа: екі студентке бөлек тапсырма беріледі, қайсысы көбірек деректанулық талдау методикасы мен принциптеріне байланысты мәліметтер келтіреді. Семинардың II бөлігі: Деректанудың «сыртқы сын» және «ішкі сын» мәселелеріне, деректің шынайылық мәселеріне байланысты тақырыптарға баяндамалар жасау арқылы тақырыпты ашу.

Бақылау сұрақтары:

1. Методика ұғымының мағынасы?
- 2.Деректанулық әдістердің принциптері?
- 3.Деректердің сақталу формалары?
- 4.Мәтінді дұрыс оқи білу немесе түпнұсқалық проблемасы?
5. Деректің пайда болуын сынау немесе «сыртқы сын»?
- 6.Деректің шынайылық деңгейін анықтау немесе «ішкі сын»?

Әдебиет:

- 1.Атабаев Қ.М. Қазақстан тарихының деректанулық негіздері. А., 2002
- 2.Пронштейн А.П. О предмете источниковедения , как научной дисциплине. – История СССР, 1977, №5
- 3.Пронштейн А.П. Методика исторического источниковедения. Р.-на –Д., 1976
- 4.Иванов Г.М., Коршунов А.М, Петров Ю.В. Методологические проблемы исторического познания. М., 1981
- 5.Историческая наука. Вопросы методологии. М., 1986
- 6.Источниковедение истории СССР. (Под ред. И.Д. Ковальченко) М., 1973

Семинар 5. Мазмұндау формасы.

- 1.Тарихи деректердің ерекшеліктері.
- 2.Қазақстан тарихын зерттеудегі орыс жылнамалық тарихының рөлі.
- 3.Деректердің авторын анықтау мәселесі.

Оқыту мақсаты: Тарихи деректердің ерекшеліктерін, Қазақстан тарихын зерттеудегі орыс жылнамалық тарихының рөлін, ортағасырлық деректер арасындағы жылнамалардың орны мен маңызын сипаттау.

Әдістемелік нұсқаулар: Тарихи деректердің ерекшеліктері, жылнамалық материалдың проблемалары, И.Н. Березиннің аудармалары, Қазақстан тарихын зерттеудегі орыс жылнамалық тарихының рөлі, "Алтын орда" тарихының В.Г.Тизенгаузен, Қыдырғали жалаири "Жамиат-тауарих" материалдар жинағына байланысты сұрақтарға жазбаша түрде жауап беру.

Бақылау сұрақтары:

1. Мәтінді дұрыс оқи білу немесе түпнұсқалық проблемасының ерекшеліктері?
2. Деректің пайда болған жерін қалай анықтайды?
3. Деректің пайда болу уақытын қалай анықтайды (датировка)?
4. Дерек авторының не құрастырушының атын анықтау (атрибуция) қалай өткізіледі?

Әдебиет:

1. Атабаев Қ.М. Қазақстан тарихының деректанулық негіздері. А., 2002
2. Атабаев Қ. М., Қадыртаева М.А. Деректанудың теориялық мәселелері. А., 1999.
3. Бөкейхан Ә. Таңдамалы. А., 1995
4. Уәлиханов Ш., Таңдамалы. А., 1985

Семинар 6. Жылнамалар-тарихи деректер және оның зерттелуі.

1. Жылнамалар-тарихи дерек көзі.
2. Жылнаманы зерттеудегі әдістер.
3. Тарихи эвристика, аударма және текстің интерпретациясы.

Оқыту мақсаты: Ортағасырлық деректер арасындағы жылнамалардың орны мен маңызын сипаттау. Жылнамаларды ғылыми зерттеу. А.А.Шахматовтың жылнаматану ісіне қосқан үлесі мен пайдаланған тәсілдерін ашу. Қазіргі жылнаматану проблемалары: жылнама жазушылықтың бастапқы кезеңін қалпына келтіру, жылнаманың шынайылық проблемасын, жылнаманың өкілеттілік проблемасын ашу.

Әдістемелік нұсқаулар: семинарға дайындық барысында ортағасырлық деректер арасындағы жылнамалардың маңызы мен орны, жылнаматану ғылыми проблема ретінде, жылнамаларды ғылыми зерттеу, қазіргі жылнаматану проблемаларына байланысты мәселелерге студенттердің назарын аудару. Сабақтың өткізілуі-ауызша талқылау, дискуссия, негізгі зерттеулермен жұмыс жасау арқылы тақырыпты ашу.

Бақылау сұрақтары:

1. Жылнамалар тарихи дерек ретінде зерттелуі?
2. Жылнамалар тарихының негізгі кезеңдері?
3. Ортағасырлық деректер арасындағы жылнамалардың маңызы мен орны?
4. Жылнамаларды ғылыми зерттеу ерекшелігі?
5. Қазақстан тарихын зерттеудегі орыс жылнамаларының рөлі?

Әдебиет:

1. Атабаев Қ.М. Қазақстан тарихының деректанулық негіздері. А., 2002
2. Атабаев Қ.М., Қадыртаева М.А. Деректанудың теориялық мәселелері. А., 1999.
3. Сыздықова Р., Қойгелдиев М. Қадырғали би Қосымұлы және оның жылнамалар жинағы. Алматы, 1991.

Семинар 7. Шежіренің деректік маңызы, орны, ерекшелігі.

1. Шежіренің түрлері, тарихи дерек ретіндегі эволюциясы.
2. Шежіренің пайда болуын сынау, кезеңдері мен қажеттілігі.
3. Шежіренің қазақтардың этногенезісін, түркі халықтарының этногенетикалық байланыстарын зерттеудегі маңызы.
4. Шежіретану проблемалары.

Оқыту мақсаты: Қазақ халқында ауызша тарих айту дәстүрінің қалыптасуын және дамуын, құрылымын қарастыру. Фольклорлық туындыларды деректанулық талдау методтары: тарихи-типологиялық, тарихи – генетикалық, тарихи – салыстырмалық. түрлерін сипаттау. Ш.Уәлиханов, Ә.Марғұлан аңыз-әңгіме, жыр-дастандардың пайда болу, сақталу және деректік ерекшеліктерін, Ә.Бөкейхан “Қобланды батыр” жырындағы деректік ерекшеліктерін қарастыру. Шежіре тарихи дерек ретінде, оның объективтік және субъективтік жақтарын қарастыру.

Әдістемелік нұсқаулар: семинарға дайындық барысында батырлық және лиро-эпикалық жырларды, шежірелерді, аңыздар мен аңыз-әңгімелерді халық тарихының дерегі ретінде, фольклордың халық өмірімен, күнделікті тіршілігімен, өткен тарихымен, мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан сана-сезімімен біте қайнасқандығы мәселелеріне студенттердің назарын аудару. Сабақтың өткізілуі-ауызша талқылау, дискуссия, негізгі зерттеулермен жұмыс жасау арқылы тақырыпты ашу.

Бақылау сұрақтары:

1. Шежіренің қандай түрлері бар?
2. Объективтілік пен субъективтілік дегеніміз не?
3. Шежіренің қажеттілігі неде?
4. Ш.Уәлихановтың шежіретануға қосқан үлесі?
5. А. Байтұрсынұлы шежіренің деректік маңызы туралы не айтты?
6. Шежіре қазақтың генеалогиясы мен тарихын зерттеуде қандай роль атқарады?
7. Шежіретанудағы проблемалары туралы?

Әдебиет:

1. Атабаев Қ.М. Қазақстан тарихының деректанулық негіздері. А., 2002
2. Стеблева И.В. Развитие тюркских поэтических форм в XI в. М., 1992
3. Исследование источников по истории до исламской Центральной Азии. А., 1997
4. Е.Д.Турсунов. Древнетюркский фольклор: истоки и становление. А., 2001
5. Абусейтова М.К. К проблеме источниковедения средневекового Казахстана // Отечественная история . 1998, №1 .
6. Дулати М.Хайдар. Тарихи-и Рашиди. А., Санат, 1999
7. Қазақ фольклорының тарихилығы. А., Ғылым, 1993
8. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар. А., Жазушы, 1985
9. Бердібай Р. Эпос – ел қазынасы. А., Рауан, 1995
10. Бердібай Р. Эпос мұраты. А., Білім, 1997
11. Хасен Қожа-Ахмет. Ереуіл атқа ер салмай... Астана: Елорда.
12. Рашид-ад-Дин. Сборник летописей. т.І., кн.І.
13. Кононов А.Н. Махмуд Кашгарский и его “Дивану лугат аттюрк”// Сов. тюркология. 1972, №1
14. Кононов А.Н. Поэма Юсуфа Баласагунского “Благодатное знание”. В кн. Юсуф Баласагунский. Благодатное знание. М., 1983
15. Жалайыр. Шежірелер жинағы- А., 1997.

Семинар 8. Ежелгі дәуір әдебиеті дерек көзі ретінде.

- 1.Қазақтар туралы ежелгі деректер.
- 2.Қазақстан тарихы туралы ежелгі түрік деректері.
- 3.Қытай деректері.
- 4.Араб деректері.
- 5.Батыс Еуропа саяхатшыларының жазбалары.

Оқыту мақсаты: Қазақтар туралы ежелгі парсы, грек, қытай жазбаларындағы мәліметтер. Ежелгі жазба түрік ескерткіштері: пайда болуын сынау, мәтінін оқу және түсіндіру. Орхон жырларын тарихи дерек көзі ретіндегі ерекшелігін, маңызын және орнын, негізгі проблемаларын қарастыру. Араб авторларының тарихи-географиялық еңбектерінің деректік маңызы және оларға деректанулық талдау жасау жолдарын сипаттау.

Әдістемелік нұсқаулар: Семинарда мұғалім студенттерді бірнеше топқа бөледі. Бөлінген әр топқа басты негізгі мағлұматтар бар материалдарды таратады. Мұғалім сол тақырып бойынша студенттерге сұрақ қояды, студенттер жалпы тақырыппен танысқан соң өз топтарында қарастыратын мәселелерге назар аударып қазақтар туралы ежелгі деректер, Қазақстан тарихы туралы ежелгі түрік деректері, қытай деректері, араб деректері, батыс Еуропа саяхатшыларының жазбаларына байланысты қысқаша баяндамалар қорғау түрінде өтеді.

Бақылау сұрақтары:

- 1.Антик авторларының Қазақстан туралы деректері?
- 2.Орхон-Енисей руналық жазбаларының ескерткіштері?
- 3.Деректемелік талдаудың мәселелері?
- 4.Рим және Византия авторларының шығармалары?
- 5.Қытай авторларының Қазақстан туралы деректері?
- 6.Араб авторларының Қазақстан туралы деректері?

Әдебиет:

- 1.Козин С.А. Сокровенное сказание. Монгольские сказания .М.-Л.
- 2.Кляшторный С. Г. Древнетюркские рунические памятники, как источник по истории Средней Азии. М., 1964
- 3.Кумеков Б.Е. Государство кимаков 9-10 вв. по арабским источникам А., 1972
- 4.Малов С.Е. Енисейская письменность тюрков. М.-Л.
- 5.Пронштейн А.П. О предмете источниковедения, как научной дисциплины. – История СССР , 1977, №5
- 6.Пронштейн А.П. Методика исторического источниковедения. Р.-на –Д., 1976

Семинар 9. Орта ғасырлық жазба ескерткіштер.

- 1.Моңғол деректері Лубсан Данзан «Алтын тобық» жылнамасы.
- 2.Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білігі», М.Қашқаридің «Диуани лұғат ат – түрік», «Кодекс Куманикус» ортағасырлық қазақтардың дерегі ретінде.
- 3.М.Х.Дулатидің «Тарих-и-Рашиди» тарихнамасы, зерттелу кезеңдері, деректік маңызы.
- 4.Батыс Еуропалық саяхатшылары М.Поло, П.Карпини, В.Рубруктың шығармалары.

Оқыту мақсаты: Орта ғасырлардағы Қазақстан тарихы жайлы араб және парсы, Еуропа саяхатшыларының, түрік, қазақ және орыс тілдеріндегі деректерді қарастыру. Араб деректерінің (Ибн Батутта, Ибн Халдун, Аль-Омари және т.б.)

пайда болуы, деректердің нақтылық мәселелерін қарастыру. Деректердегі қазақ халқы мен қазақ мемлекеттілігінің пайда болу мәселелері. Батыс Еуропалық саяхатшылары Марко Поло, Плано Карпини, Гильом Рубруктың шығармалары. «Бабурнаме», «Шыңғыснаме», «Түркі халқының таралуы», «Тарихи-Рашиди», «Жылнамалар жинағы» атты шығармаларындағы орта ғасырлар кезеңі туралы деректерді қарастыру.

Әдістемелік нұсқаулар: Семинарда мұғалім студенттерді бірнеше топқа бөледі. Бөлінген әр топқа басты негізгі мағлұматтар бар материалдарды таратады. Мұғалім сол тақырып бойынша студенттерге сұрақ қояды, студенттер жалпы тақырыппен танысқан соң өз группаларында қарастыратын орта ғасырлық жазба ескерткіштеріне байланысты мәселелерге назар аударып пікірталас түрінде өткізеді. Сабақтың өткізілуі-ауызша талқылау, пікірталас, тарихи деректермен бөлек жұмыс жасау арқылы өткізіледі.

Бақылау сұрақтары:

1. Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білігі» жөнінде не айтасыз?
2. М. Қашқаридің «Диуани лұғат ат – түрік» еңбегінің деректік маңызы неде?
3. «Кодекс Куманикус» дегеніміз не?
5. М. Х. Дулатидің «Тарих-и-Рашиди» тарихнамасы мен деректік маңызы жөнінде мағлұмат беріңіз?
6. Қадырғали би Қосымұлының «Жылнамалар жинағына» талдау беріңіз?
7. Әбілғазының «Түріктер шежіресі» туралы қандай мәлімет бере аласыз?

Әдебиет:

1. Дубсандайзан. Ежелгі хандар негізін салған төрелік жосығының туындыларын құрастырған Алтын Тобчы демекдүр. -А., 2005
2. Козин С.А. Сокровенное сказание. Монгольские сказания. М.-Л.
3. Кляшторный С. Г. Древнетюркские рунические памятники, как источник по истории Средней Азии. М., 1964
4. Кумеков Б.Е. Государство кимаков 9-10 вв. по арабским источникам. А., 1972
5. Малов С.Е. Енисейская письменность тюрков. М.-Л.
6. Плано Карпини. Путешествие в восточные страны Плано Карпини и Рубрука. М., 1957
7. Дулати М. Хайдар. Тарихи-и Рашиди. А., Санат, 1999
8. Сыздықова Р., Қойгелдиев М. Қадырғали би Қосымұлы және оның жылнамалар жинағы. А., 1991

Семинар 10. Батырлар жыры – қазақтардың жоңғар шапқыншылығына қарсы күрес тарихының дерегі.

1. Батырлар жырының тарихи дерек ретіндегі маңызы, орны, ерекшеліктері.
2. Батырлар жырын тарихи дерек көзі ретінде зерттеу методикасы.
3. «Абылай хан», «Қабанбай батыр», «Бөгенбай батыр» жырлары.
4. «Наурызбай батыр», «Өтеген батыр» жырлары.

Оқыту мақсаты: Батырлар жырының тарихи дерек ретіндегі ерекшелігін ашып көрсету. Батырлар жырының тарихи дерек ретіндегі эволюциясын, даму жолын ашып, талдау және зерттеу методикасын көрсету.

Әдістемелік нұсқаулар: Семинарда мұғалім студенттерді бірнеше топқа бөледі. Бөлінген әр топқа басты негізгі мағлұматтар бар материалдарды таратады. Мұғалім сол тақырып бойынша студенттерге сұрақ қояды, студенттер жалпы тақырыппен танысқан соң өз группаларында батырлар жырының тарихи дерек ретіндегі мәселелерге назар аударып пікірталас түрінде өткізеді. Сабақтың өткізілуі-ауызша талқылау, пікірталас, тарихи деректермен бөлек жұмыс жасау арқылы өткізіледі.

Бақылау сұрақтары:

1. Батырлар жырының тарихи дерек ретіндегі ерекшелігі?
2. «Абылай хан», «Қабанбай батыр», «Бөгенбай батыр» тарихи жырлар ретіндегі ерекшеліктері?
3. «Наурызбай батыр», «Өтеген батыр» тарихи жырлар ретіндегі ерекшеліктері?

Әдебиет:

1. Атабаев Қ.М. Қазақстан тарихының деректанулық негіздері. А., 2002
2. Атабаев Қ.М., Қадыртаева М.А. Деректанудың теориялық мәселелері. А., 1999
3. Қазақ фольклорының тарихылығы. А., Ғылым, 1993
4. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар. А., Жазушы, 1985
5. Бердібай Р. Эпос – ел қазынасы. А., Рауан, 1995
6. Бердібай Р. Эпос мұраты. А., Білім, 1997

Семинар 11. Жаңа және қазіргі заман деректері.

1. Тарихи танымдағы статистикалық деректер мен әдістердің ролі.
2. Статистикалық зерттеулерді ұйымдастыру мен оның әдістері.
3. Қазақстандағы статистикалық мекемелер.

